

ШАМШЫҒАҚ

КУӘЛІК БЕРІЛГЕН УАҚЫТЫ: 09.06.2004 ЖЫЛ.

№2 (132) 29 МАМЫР 2025 Ж.

Молодость на сцене

Студенческая весна - 2025

КСТУ – центр студенческого единства и творчества



С 20 по 21 мая 2025 года в Костаное прошёл масштабный областной межвузовский фестиваль «Студенческая весна – 2025», собравший талантливых, активных и целеустремлённых студентов со всей Костанайской области.

В этом году фестиваль проходил в рамках проекта «Развитие студенческих движений: проект

интеграции студентов Костанайской области в профессиональную и общественную среду. Особое внимание на этом празднике молодежи было приковано к Костанайскому социально-техническому университету имени академика Зулхарнай Алдамжар, который не только принимал у себя гостей, но и стал финальной площадкой грандиозного Гала-концерта.

Фестиваль объединил семь вузов региона: Аркалыкский педагогический институт имени И. Алтынсарина, Рудненский индустриальный институт, Костанайский региональ-

ный университет имени Ахмета Байтурсынұлы, Костанайский социально-технический университет имени академика З. Алдамжар, Костанайский инженерно-экономический университет имени М. Дулатова, Костанайскую академию МВД РК имени Ш. Кабылбаева, а также Костанайский филиал Челябинского государственного университета. Организатором выступил Молодёжный ресурсный центр управления общественного развития акимата Костанайской области.

Программа фестиваля охватила как спортивную,

так и интеллектуально-творческую сферы. Молодежь соревновалась в баскетболе, волейболе, мини-футболе, участвовала в квестах, дебатах, демонстрировала вокальные и танцевальные таланты. Фестиваль стал не только ареной соревнований, но и площадкой для самореализации и обмена опытом.

В центре внимания оказался КСТУ — университет, который традиционно поддерживает любые молодежные инициативы. Именно на сцене Дворца студентов КСТУ состоялось торжественное закрытие фестиваля и

Гала-концерт, в рамках которого прошла церемония награждения. Атмосфера в зале была по-настоящему праздничной: бурные аплодисменты, эмоции, радость и чувство единства.

Спортивные команды КСТУ показали отличный результат мужская команда по баскетболу и женская команда по волейболу заняли почётные третьи места. Эти достижения стали результатом упорных тренировок, слаженной командной работы и веры в победу. Студенты доказали, что умеют не только хорошо учиться, но и достойно

представлять свой вуз на областном уровне.

Администрация университета выразила искреннюю благодарность всем участникам, сотрудникам, отделу воспитательной работы, техническому центру и всему коллективу Дворца студентов, которые внесли большой вклад в проведение мероприятия на высоком уровне. Участие в фестивале стало важным событием в жизни студентов и еще раз подтвердило: КСТУ — это не только образование, но и насыщенная студенческая жизнь.

(продолжение на 4 стр.)

Маңызды

Ұлттық құрылтай талқылауы

Қостанайда студенттерге арналған ашық дәріс өтті

15 сәуір күні академик Зұлхарнай Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік-техникалық университетінің оқу залында студент жастарға арналған «Ұлттық құрылтайдың қорытындыларын талқылау» атты ашық дәріс өткізілді. Бұл шара университет студенттеріне Ұлттық құрылтайдың маңызы мен оның Қазақстан дамуына әсері туралы толық ақпарат беруді мақсат етті.

Дәрісті Ғалия Уразамбетова — ғылым және халықаралық байланыстар бойынша проректор, сондай-ақ Нұркен Байқадамов — тәрбиелік жұмыстар және қоғамдық байланыстар бойынша проректор оқыды.

Ғалия Уразамбетова өз сөзінде Ұлттық құрылтайдың негізгі нәтижелеріне жан-жақты тоқталып, оның еліміздің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және білім беру салаларын дамытуға қосқан үлесін атап өтті. Ол сондай-ақ жастардың қоғамдық және сапсы өмірге белсенді араласуының маңыздылығын ерекше айтты. Оның пікірінше, жас ұрпақ елдің болашағын қалыптастырудағы басты күш болып табылады.

Нұркен Байқадамов дәріс барысында мұндай іс-шаралардың тәрбиелік мәнін түсіндіріп, Ұлттық құрылтайдың халықтың біраігін нығайтып, патриоттық сезімді арттырудағы рөлін атап өтті. Ол студенттерді қоғамдағы маңызды мәселелерге бей-жай



қарамай, белсенді азамат болуға шақырды.

Дәріс соңында студенттер мен лекторлар арасында ашық пікір алмасу өтті. Студенттер Ұлттық құрылтайда көтерілген тақырыптар бойынша өз ойларын білдіріп, елдің болашағына қатысты сауалдарын қойды. Бұл талқылау жастардың қоғамдық өмірге деген қызығушылығын арттырып, олардың елге деген жауапкершілігін нығайтты.

Ашық дәріс жастар үшін маңызды білім мен тәжірибе көзіне айналып, олардың азаматтық санасын қалыптастыруға және патриоттық сезімдерін оятуға үлкен үлес қосты. Мұндай кездесулер жастардың қоғамдық белсенділігін арттыруға және еліміздің дамуына өз үлестерін қосуға ынталандырады. Сондықтан оқу орындарында осындай іс-шараларды жиі ұйымдастыру өте маңызды.



Сотрудничество

Партнёрство в образовании

Подписан Меморандум о сотрудничестве между двумя вузами Костаная

1 апреля 2025 года в Костанайе состоялось подписание Меморандума о взаимном сотрудничестве между Учреждением «Костанайский социально-технический университет имени академика Зұлхарнай Алдамжар» и Костанайской академией Министерства внутренних дел имени Шракбека Кабылабаева.

Основной целью партнерства является создание благоприятных условий для повышения качества подготовки специалистов, а также привлечение талантливой молодежи на государственную службу.

Как отметили представители обеих сторон, заключение соглашения открывает новые горизонты в совместной деятельности двух учебных заведений. Планируется ре-

ализация программ академического обмена, проведение совместных образовательных и научно-практических мероприятий, а также активное взаимодействие в информационной и организационной сферах.

— Это важный шаг к интеграции образовательного и практического опыта, — подчеркнули участники встречи. — Мы уверены, что сотрудничество даст импульс для профессионального роста студентов и молодых специалистов, заинтересованных в служении государству.

Меморандум станет основой для устойчивого партнерства, направленного на развитие кадрового потенциала региона и укрепление взаимодействия между гражданским и ведомственным образованием.

Ерекше құрмет

ҚӘТУ ректоры марапатталды

Руслан Абдуллин экономикалық қауіпсіздікке қосқан үлесі үшін медаль алды



2025 жылдың 12 мамырында академик Зұлхарнай Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік-техникалық университетінің ректоры Руслан Батыржанович Абдуллин «Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» медалімен марапатталды.

Құрметті награданы Қаржы мониторингі агенттігінің Қостанай облысы

бойынша экономикалық тергеу департаментінің басшысы Асқар Ғабиденұлы Әбенев табыстады. Ол Руслан Батыржановичке қаржылық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды ұйымдастырып, жоғары деңгейде өткізгені үшін алғыс білдірді.

Бүгінде студенттер мен жастардың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша бірлескен жобалар мен бағдарламаларға деген сұраныс артып отыр. Осы тұрғыда Қаржы мониторингі агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаментімен бірлескен іс-шаралар өткізу

— елдің тұрақты дамуына және азаматтардың болашақтағы экономикалық тұрақтылығына қосылатын стратегиялық үлес.

Мұндай мәселелердің мемлекеттік бағдарламалар аясында қаралуы — аталған бастамалардың өзектілігін көрсетеді. Соңғы жылдары академик Зұлхарнай Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік-техникалық университеті қабырғасында қаржылық қауіпсіздікке бағытталған бірқатар маңызды шаралар ұйымдастырылып келеді. Бұл студенттердің практикалық білімін арттырып қана қоймай, құқықтық мәдениетті нығайтуға да

ықпал етеді.

«Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» медалі қаржы мониторингі органдарының өз қызметін мінсіз атқарып жүрген қызметкерлеріне, заңдылық пен экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолында ерекше көзге түскен тұлғаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтарына белсенді қоғамдық еңбегі үшін табысталады.

Руслан Батыржановичтің аталған саладағы белсенді жұмысы мен азаматтық ұстанымы осындай мәртебелі марапатқа лайық деп танылды.

История

В памяти навсегда

Торжественная церемония ко Дню Победы: костанайцы почтили память героев

9 мая 2025 года в городе Костанай прошла торжественная церемония возложения венков и цветов к мемориалу «Вечный огонь». Это важное событие стало отправной точкой масштабных мероприятий, приуроченных к 80-летию Победы в Великой Отечественной войне.

На площади у мемориального комплекса собрались представители государственных органов, общественных организаций, ветераны, школьники, студенты, а также жители города, чтобы отдать дань памяти тем, кто отстоял свободу и независимость Родины ценой собственной жизни.

Традиционно церемония началась с минуты молчания. Под звуки метронома собравшиеся склонили головы в знак глубокого уважения к павшим. После этого прозвучал гимн Республики Казахстан, и к мемориалу были возложены венки от имени акимата, военных, трудовых коллективов, учебных заведений и общественных объединений.

Особое участие в меро-



приятии принял коллектив Костанайского социально-технического университета имени академика Зұлхарнай Алдамжар. Преподаватели, сотрудники и студенты в торжественной обстановке возложили цветы к памятнику, выразив признательность за мужество, стойкость и героизм ветеранов. Участие университета в таких значимых патриотических акциях подчеркивает преемствен-

ность поколений, важность исторической памяти и необходимость сохранения традиций.

Для студентов университета этот день стал не только возможностью отдать дань уважения ветеранам, но и напоминанием о цене мира, который они имеют сегодня. Участники церемонии говорили о значении Победы, о подвиге простых людей, ушедших на фронт и работавших в

тылу, и о том, как важно сохранять и передавать эти знания молодежи.

Церемония завершилась проходом караула, музыкальным сопровождением духового оркестра и аплодисментами в адрес живых ветеранов, которые присутствовали на мероприятии.

Память о Великой Победе живёт в сердцах поколений. И пока мы помним — подвиг наших предков не будет забыт.

Студент - университеттің жүрегі

ҚӘТУ студенттерінің өмірі: белсенділік, шығармашылық және кәсіби даму

Студенттер – кез келген жоғары оқу орнының тірегі, оның болашағы мен дамуының кепілі. Қостанай әлеуметтік-техникалық университеті осы қағида-ны берік ұстанып, студенттердің жан-жақты дамуына, шығармашылыққа және кәсіби өсуіне барлық жағдайды жасап келеді.

Бұл мақалада ҚӘТУ студенттерінің оқу жетістіктері, шығармашылық белсенділігі, спорттағы табыстары, ірі компаниялармен ынтымақтастығы және халықаралық бағдарламаларға қатысуы туралы кеңінен баяндалады.

ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТЕР

ҚӘТУ студенттері білім алуда жоғары көрсеткіштерге жетуде. Университеттің заманауи оқу бағдарламалары мен ғылыми-зерттеу орталықтары студенттерге теориялық және практикалық білімді үйлестіруге мүмкіндік береді. Студенттер республикалық және халықаралық ғылыми конференцияларға қатысып, түрлі конкурстар мен олимпиадаларда жүлделі орындар алады.

Мысалы, биылғы жылы ҚӘТУ студенттері «Жас ғалымдар» республикалық ғылыми конференциясында бірнеше дипломға ие болып, университеттің ғылыми деңгейін жоғарылатты. Бұл жетістік олардың ғылыми ізденісіне, ізденушілік қабілеттеріне және жетекшілерінің кәсіби қолдауына байланысты.

Сонымен қатар, университет студенттерінің ғылыми жетістіктері арнайы стипендиялармен марапатталады. Мысалы, академик З.А. Алдамжар атындағы стипендия халықаралық олимпиадалардың, шығармашылық конкурстардың, фестивальдердің жеңімпаздарына, ғылыми мақалалардың авторларына беріледі.

Студенттердің шығармашылық әлеуеті университеттің негізгі артықшылықтарының бірі. ҚӘТУ-да бірнеше шығармашылық топтар мен үйірмелер жұмыс істейді. Танымал «Limerence» би тобы



қала мен облыс көлемінде өткен фестивальдарда үздік өнер көрсетіп, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Студенттер дәстүрлі қазақ биінен бастап, заманауи бағыттарға дейін әртүрлі стильдерді меңгеріп, сахнаның шымылдығын ашады.

Сондай-ақ, вокалдық үйірмеде студенттер халық әндерін, заманауи композицияларды орындап, университеттің мәдени өмірін байытады. Театр студиясы мен әдеби клуб жастардың сөз шеберлігі мен сахнадағы дарындарын дамытуға үлкен көмек көрсетеді.

Университет кітапханасында қазақ классиктері мен замандастарының шығармалары бойынша түсірілген фильмдерге арналған виртуалды көрме ұйымдастырыл-

ды. Бұл көрме студенттердің әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, олардың мәдени дүниетанымын кеңейтуде маңызды рөл атқарды.

СПОРТТЫҚ ЖЕТІСТІКТЕР

ҚӘТУ студенттері спортта да жоғары нәтижелер көрсетеді. Университетте волейбол, баскетбол, футбол, тоғызқұмалақ, қазақ күресі сияқты спорт түрлері бойынша секциялар жұмыс істейді. Студенттер облыстық және республикалық жарыстарда белсенді түрде қатысып, жүлделі орындарға ие болуда.

Мысалы, бытыр ҚӘТУ волейбол командасы Қостанай облысының студенттер арасындағы чемпионатында бірінші орынды иеленді. Бұл жетістік студенттердің дене

тәрбиесіне деген қызығушылығының жоғары екенін көрсетеді.

Сонымен қатар, спорттық жетістіктері үшін студенттерге арнайы стипендиялар тағайындалады. Мысалы, Баймағамбетов атындағы стипендия қалалық, облыстық, республикалық және әлемдік чемпионаттарға қатысатын және университет намысын қорғайтын спортшыларға беріледі.

ҚӘТУ оқу процесін тек теориялық біліммен шектемей, студенттерге ірі кәсіпорындарда практикандар өту мүмкіндігін ұсынады. Университеттің ірі компаниялармен тығыз байланысы студенттердің кәсіби дағдыларын жетілдіруге және жұмыс нарығына бейімделуге көмектеседі. Мұндай тәжі-

рибе студенттерге өндіріс үрдістерін жақынырақ танып, теорияны практикада қолдануға мүмкіндік береді.

Университет түлектерінің жұмыспен қамтылу деңгейі 75% құрайды, бұл ҚӘТУ-дың білім беру сапасының жоғары екенін көрсетеді.

ҚОҒАМДЫҚ ӨМІР

ҚӘТУ студенттері халықаралық тәжірибе алмасу бағдарламаларына қатысып, өздерін әлемдік деңгейде дамытуға мүмкіндіктерге ие. Erasmus+ және басқа да халықаралық жобалар шеңберінде студенттер шетелдік университеттерде білім алып, жаңа мәдениеттермен танысады.

Бұл студенттердің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, шет тілдерін жетік меңгеруге,

жаһандық тәжірибе жинауға жол ашады.

Университетте студенттердің өз өкілеттілігін іске асыратын студенттік кеңес бар. Олар оқу, мәдени, спорттық және әлеуметтік шараларды ұйымдастырады. ҚӘТУ-ның волонтерлік ұйымдары белсенді қоғамдық жұмыстармен айналысып, әлеуметтік жобалар мен қайырымдылық акцияларын жүргізеді.

Студенттердің әлеуметтік белсенділігі университеттің ішкі өмірін байытып қана қоймай, қоғамға пайдалы істер жасауға бағытталған.

КӘСІБИ ДАМУ

Университеттің оқу бағдарламалары мен практика мүмкіндіктері студенттердің кәсіби өсуіне бағытталған. ҚӘТУ-де жұмысқа орналасуға арналған жәрмеңкелер, семинарлар және кәсіби кеңес беру орталықтары жұмыс істейді. Бұл студенттерге өз саласында жақсы маман болуға және жұмыс нарығында сұранысқа ие болуға мүмкіндік береді.

Қостанай әлеуметтік-техникалық университетінің студенттері — белсенді, талантты, еңбекқор және қоғамға пайдалы мамандар болып қалыптасуда. Олар оқу мен ғылыми зерттеуге, шығармашылық пен спортқа, қоғамдық өмір мен волонтерлік қызметке тең үлес қосады. ҚӘТУ студенттері өздерінің жан-жақты дамуы мен кәсіби жетістіктері арқылы университеттің абыройын арттырып, еліміздің жарқын болашағын қалыптастыруға үлес қосуда.

Қостанай әлеуметтік-техникалық университеті — студентке тек білім ғана емес, жан-жақты даму мүмкіндігін ұсынатын орта. Мұнда білім мен тәрбие, шығармашылық пен спорт, өндіріс пен ғылым үндесе дамиды. Университет ұжымы жастарға сенім артып, олардың әр бастамасын қолдайды. Ал студенттер өз кезегінде осы сенімді ақтап, еліміздің дамуына үлес қосуға дайын екендерін дәлелдеп келеді.

Студент — университеттің жүрегі. ҚӘТУ жастары — сол жүректің дүрсіліндей, үміт пен жаңашылдықтың, еңбек пен табыстың бейнесі. Бүгінгі олардың белсенділігі — ертеңгі еліміздің жарқын болашағының кепілі.



Студенческая весна - 2025

КСТУ – центр студенческого единства и творчества



Как отметил директор Молодёжного ресурсного центра Костанайской области Абай Дуйсеков, нынешняя «Студенческая весна» прошла под лозунгом дружбы и сотрудничества, а не соперничества:

— Это наш проект «Развитие студенческих движений», и мы стараемся выстроить его

так, чтобы каждый студент чувствовал себя частью большой команды, — подчеркнул Абай Дуйсеков. — Мы отказались от общей балльной системы, чтобы не создавать атмосферу жесткой конкуренции. Главная цель — объединить, дать возможность проявить себя, а не определить «первых» и «последних».

Все участники получили награды, потому что каждый вложил душу.

Вручение дипломов, кубков, медалей и денежных сертификатов стало приятным итогом двух насыщенных дней. Призовой фонд фестиваля составил около четырёх миллионов тенге. Все вузы, проявившие активность,

получили благодарственные письма и по 400 тысяч тенге на поддержку студенческих инициатив.

Особую атмосферу фестиваля лучше всего передают слова его участников. Студент КСТУ поделился своими впечатлениями:

— Для меня «Студенческая весна» — это возможность

выйти за рамки учебного расписания и показать, чем живет наше поколение. Мы выступали на сцене, соревновались в спорте, участвовали в дебатах. Было круто видеть, как студенты из разных вузов становятся одной командой. И то, что финал проходил именно в КСТУ — это большая честь. Мы гордимся, что

стали частью этого события!

Фестиваль стал не просто мероприятием, а настоящим праздником молодости, креативности и студенческого братства. И главная сцена в Дворце студентов КСТУ по праву стала символом открытости, единства и вдохновения для новых свершений.



Меншік иесі:
Қостанай әлеуметтік-техникалық
университеті.
Главный редактор:
ректор КСТУ
А.Р. Батыржанович

Выпускающий редактор: А.Серік.
Дизайн и верстка: С.Лютум.
Корректор: А.Лобова.
Газет қуәлігі № 5121-Г
Қазақстан Республикасының

мәдениет, ақпарат және келісім
министрлігінде тіркелген.
Қуәлік берілген уақыты:
9.06.2004 жыл.
Таралымы: 500 дана.
Тапсырыс: №617

Газета отпечатана
в ТОО «Костанайский Дом печати»,
Костанай, ул. Майлина, 2/3.
Редакция мекенжайы:
Баймағамбетов к., 160 үй.
Байланыс телефоны: 55-46-13, 55-41-42.